

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**География және табиғатты пайдалану факультеті
Метеорология және гидрология кафедрасы
«7М05207 – Метеорология» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы**

**«Метеорологияның жаһандық және аймақтық мәселелері» базалық пәні бойынша
қорытынды баға беруге арналған**

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ
күзгі семестр, 2024-2025 оқу жылы

3 кредит

2024 ж

«Метеорологияның жаһандық және аймақтық мәселелері» пәні бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын құрастырушы PhD, аға оқытушы ипова Э.К.

20.03.2023 жылы Метеорология және гидрология кафедрасының отырысында қаралды, хаттама № 17

Метеорология және гидрология
кафедрасының меңгерушісі м.а.

А. С. Нысанбаева

ПӘН БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Қорытынды емтиханның міндеті – магистранттардың оқу барысын алған білімдерін курс барысында қарастырылған тақырыптарға сәйкес жүйелеу және бағалау.

Қорытынды емтихан бағдарламасы қазіргі таңда қолданыста жүрген бағдарламаларды пайдаланудың маңыздылығы, мазмұны мен мақсаттарына, дамуға арналған сұрақтарға, магистранттардың оларды қолдану барысында қажетті білім мен практикалық дағдыларды алуға көмектесетін сұрақтарды қамтиды.

Бағдарламада емтиханға дайындалуға арналған курстың барлық тақырыптары және әдебиеттерді оқуға арналған ұсынылған кітаптар мен ережелер бар.

Қорытынды емтиханда магистранттардың жауабы баллдық жүйемен бағаланады. ҚазҰУ академиялық саясатының негізінде.

2.17.3. Ағымдық үлгерімді бақылау бағасы кем дегенде 60%-ы пән бойынша білімді қорытынды бағалаудың, бағалау және қорытынды емтихан кем дегенде 40% - ы пән бойынша қорытынды баға.

2.17.4. Пән бойынша қорытынды баға білім алушының бақылау кезеңінде де, қорытынды бақылауында да оң баға алған жағдайда ғана есептеледі.

Емтиханды тапсыру түрі - ауызша-офлайн. Кесте бойынша көрсетілген аудиторияда ауызша-офлайн жүзеге асырылады.

Емтихан сұрақтарын деканат қызметкерлері кездейсоқ буын арқылы береді.

1 Ауызша емтихандар бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

2 Ауызша емтихан өткізілетін аудиторияға магистранттар жеке басын куәландыратын құжатпен ғана кіруге рұқсат етіледі. Емтихан рәсіміне қатыспайтын адамдардың қатысуына тыйым салынады.

3 Кезекші оқытушы жеке басын куәландыратын құжатты емтиханға жіберу парағымен тексереді. Пән бойынша рейтингтік-баллы 50%-дан төмен магистрант емтиханға жіберілмейді.

4 Аудиторияға кіргізу мен шығаруды кезекші оқытушы жүзеге асырады

5 Кешіккен магистрант емтиханға жіберілмейді.

6 Кезекші оқытушы әрбір магистрантқа жауап парағын береді (қажет болған жағдайда студент қосымша жауап парағын ала алады) және магистрантқа тапсырылатын пәнге билет таңдау мүмкіндігін береді

7 Емтиханға қатысқан магистрант қатысу парағына қол қоюы керек.

8 Ауызша емтиханға бөлінген уақыттың басталуы магистранттардың соңғы емтихан материалын қабылдау уақыты болып табылады.

9 Ауызша емтиханды тапсыру кезінде жетекші оқытушы мәлімдеген анықтамалық материалдарды пайдалануға рұқсат етіледі (анықтамалық материалдар билеттері бар конвертке салынуы немесе тапсырма мәтінінде жазылуы тиіс).

10 Магистрант емтиханды тапсыру кезінде белгіленген талаптарды орындамаған жағдайда: парақтарды, ұялы телефондарды және басқа да құрылғыларды пайдаланса, тәртіптік бұзушылықтар жасаса, басқа магистранттарға оның әрекетіне кедергі келтірсе, кезекші оқытушы оны аудиториядан шығаруға құқылы. Бұл ретте емтихан тәртібін бұзғаны туралы акт жасалады, жауап парағы диагональ бойынша сызу арқылы жойылады, қабылдау парағына «Тәртіп бұзылғаны үшін жойылды» деген белгі қойылады, парақта «0» қойылады.

11. 48 сағат ішінде білім алушылардың жинаған баллдары аттестация парағына қойылады

МАҢЫЗДЫ: Ауызша емтихан - емтихан кестесі бойынша өткізіледі. Білім алушылар мен оқытушылар емтихан кестесі туралы алдын ала хабардар болады.

Білім алушылардың жауаптарын бағалау критерийлері

Емтихан кезінде білім алушылардың дайындық деңгейін бағалаудың және тиісті құзыреттіліктерін қалыптастырудың негізгі критерийлері:

- кәсіби терминологияны меңгеру дәрежесі;

- білім алушының теориялық білімді меңгеру және оларды кәсіби мәселелерді шешуде пайдалана білу деңгейі;

ТАҚЫРЫПТАР МАЗМҰНЫ

1. Метеорологияның аймақтық және жаһандық мәселелеріне шолу
2. Қазақстан бойынша стационарлы гидрометеорологиялық зерттеулердің жағдайы, негізгі мәселелері, шешу жолдары
3. Дүниежүзіндегі және Қазақстандағы қазіргі заманғы климат өзгерісі.
4. Жаһандық климаттың өзгерісіне табиғи және антропогендік факторлардың әсері
5. Климатқа термикалық және ылғал режимінің біріккен әсері.
6. Құрғақшылық, оның түрлері, әр түрлі жыл маусымдарында қалыптасу себептері. Құрғақшылықтың қалыптасуының циркуляциялық жағдайлары.
7. Қазақстандағы шаңды дауылдар, олардың табиғаты, қалыптасу себептері және Қайталанушылығы
8. Қазақстандағы гидрологиялық зерттеулердің негізгі бағыттары. Жетістіктері, келешегі
9. Арал теңізі деңгейінің төмендеуі, және оның атмосферадағы күшті шаң және тұз ошақтарының қалыптасуындағы ролі
10. Балқаш және оның маңындағы шөлденудің көкейкесті мәселелері
11. Каспий теңізінің гидрологиялық және гидроэкологиялық мәселелері
12. Қазақстанның су объектілерінің гидроэкологиялық жағдайы
11. Қазақстандағы трансшекаралық су ресурстарын пайдаланудың мәселелері
12. Климат өзгерісінің ауыл шаруашылығының экологиялық және әлеуметтік-экономикалық салаларына әсері
13. Қазақстанның энергетикалық өндіріс орындарының өндіретін энергия мөлшеріне және жағатын жағармай көлеміне баға беру.
14. Қазақстан территориясындағы температуралық режим, жауын-шашынның жылдық жүрісі және территорияның ылғалмен қамтамасыздығы.

ЕМТИХАНҒА ДАЙЫНДАЛУ ҮШІН ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР КӨЗДЕРІ

Негізгі:

1. Будыко М.И. Современное изменение климата. – Л.: Гидрометеоиздат, 1977 г.
2. Израэль Ю.А. Экология и контроль природной среды. – Л.: Гидрометеоиздат, 1984.
3. Молоснова Т.И., Субботина О.И., Чанышева С.Г. Климатические последствия в зоне Аральского моря. – Л.: Гидрометеоиздат, 1988.
4. Гидрометеорологические проблемы Приаралья. //Под ред. Г.Н. Чичасова – Л.: Гидрометеоиздат, 1990.
5. Научные труды центров «Запад» (ЕМЕР) и «Восток» за 2000-2009 гг.

Қосымша:

1. Бучинский И.Е. Засухи и суховеи.- Л.: Гидрометеоиздат, 1976.

2. Шамен А.М. Гидрометеорология и мониторинг природной среды. -Алматы, 1996.
3. Актуальные проблемы метеорологии озера Балхаш и Прибалхашья. // Под ред. к.г.н. И.И. Скоцяса. – С-Пб.: Гидрометеоиздат, 1995.
4. Антропогенные изменения климата. – Л.: Гидрометеоиздат, 1987.

БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

BAK/MAG/DOC СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: АУЫЗША

Критерий	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттандырылғысыз	
	90–100 балл	70–89 балл	50–69 балл	25–49 балл	90–100 балл
1. Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну	Сұрақтарға толық жауаптар берілді, көрнекі мысалдармен суреттелді; жауаптар сауатты ғылыми тілде баяндалды, барлық метеорологиялық терминдер мен ұғымдар дұрыс қолданылды және дұрыс сипатталды.	Сұрақтарға жалпы дұрыс жауаптар берілді, бірақ кейбір жауап толық болмады. Барлық метеорология ғылымына қатысты терминдер дұрыс қолданылмады, келтірілген мәліметтерде қате болды және сондай-ақ стилистикалық қателіктер де болды. Жауаптар мысалдармен дұрыс көрсетілмеді.	Сұрақтарға жауаптар үзінді болып табылады, келтірілген тұжырымдар дұрыс емес. Тақырыпты толық ашу үшін қажетті метеорологияның жаһандық және аймақтық мәселелері профильдің мазмұндық блоктары жіберілді. Жауап жалпы курстың мазмұны бойынша болды, нақты мәселелерді сипаттай алмады.	Жауаптар сұрақтардың мазмұнына сәйкес келмейді. Пәннің сұрақтарына қатысты негізгі ұғымдар қате түсіндірілді.	Сұрақтарға жауаптар бере алмады; студент пән мазмұнының негізгі бөлігін білмейді немесе түсінбегені көрсетілді. Емтихан ережелері сақталмады.
2. Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты қолданбалы тапсырмаларға қолдану	Курстың технологиясы мен әдісі жақсы қолданылды; метеорологиялық ұғымдар міндетке қажетті қолданылды, қойылған негізгі проблема логикалық және дәлелді түрде ашылды.	Курстың әдісі мен студенттің алған білімі толық қолданылмады, бірақ нақты практикалық мәселелерді шешуге бейімделген; студенттің берген жауаптары мазмұны бойынша реттелмеген, жауапта маңызды емес қателіктер болды, бірақ негізгі сұрақтың арқасында жақсы жауап бере алды;	Курстың құралдары жартылай қолданылды, мазмұны толық ашылмады, жауапта дәлсіздіктер болды, жауаптардың логикасы бұзылды, берілген материалдың мағынасы жоқ, пәнаралық байланыстар туралы түсінік болмады.	Метеорологияның жаһандық және аймақтық мәселелері пәннің маңызды бөлігі дұрыс қолданбады, жауаптарда көп қателіктер жіберілді, билет бойынша қосымша сұрақтарға жауап бере алмады пәнге қатысты әдістерді қолдана алмады.	Қойылған мақсат шешілмеді, себебі әдістер мен технологияны дұрыс қолданыла аймағаны көрсетілді; жауап беру кезінде (бір сұраққа) көптеген қателіктер жіберілді; пәннің материалдың игермеген. Қорытынды бақылау жүргізу қағидалары сақталмады.

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 25 балл, екінші сұраққа-35 балл, үшінші сұраққа - 40 балл.

